

## Диалог 10

Сен пойызбен жүрдің бе?

-Иә, жүрдім. Сен ше?

-Мен де жүрдім.

-Сен пойызбен қайда бардың?

-Мен Алматыға бардым. Сен ше?

-Мен Атырауға бардым.

-Саған пойызбен жүрген ұнай ма?

-Өте ұнайды. Саған ше?

-Маған да ұнайды.

## Диалог 11

-Дәрия, сен ертең саябаққа барасың ба?

-Иә, мен ертең саябаққа барамын.

-Кіммен барасың?

-Әкеммен барамын.

-Ал сенше?

-Ағам екеуміз алаңға барамыз.

-Алаңда не болады?

-Концерт болады.

-Ооо... олай болса, біз саябақтан кейін алаңға барамыз.

-Тамаша, ертең алаңда кездесеміз!

-Иә, кездесеміз.

## Диалог 12

-Сен жүзе аласың ба?

-Иә, мен жүзе аламын.

-Мен де жүзе аламын. Сен шаңғы тебе аласың ба?

-Жоқ. Мен шаңғы тебе алмаймын.

-Ал мен шаңғы, коньки тебе аламын.

-Сен конькиді қайда тебесің?

-Мен конькиді «Алау» спорт кешенінде тебемін.

-Тамаша! Мен де үйренгім келеді.

## Диалог 13

-Сәлем!

-Сәлем!

-Сен жазда қайда демаласың?

- Мен жазда мектеп лагерінде демаламын.
- Сендер онда не істейсіңдер?
- Біз сағат 9-да лагерге келеміз, тамақ ішеміз. Тамақтан соң таза ауада серуендейміз, ойын ойнаймыз.
- Өзенге шомылуға барасыңдар ма?
- Жоқ, біз өзенге бармаймыз, бірақ біз шомыламыз.
- Қайда шомыласыңдар?
- Біз шомылуға бассейнге барамыз.

#### Диалог 14

- Сен жазда лагерге барасың ба?
- Жоқ, мен жазда лагерге бармаймын. Ауылға барамын.
- Ауылда кім тұрады?
- Ауылда атам мен әжем тұрады.
- Ауылда не істейсің?
- Ауылда мен атама көмектесемін. Біз бақша ағаштарын күтеміз.
- Ауылдың қасында өзен бар ма?
- Иә, ауылдың қасында өзен бар.
- Сен балық аулайсың ба?
- Иә, атам екеуміз өзенге барамыз, балық аулаймыз.

#### Диалог 20

- Сен қазір қайда барасың?
- Мектепке барамын.
- Жаяу барасың ба?
- Жоқ, мен мектепке автобуспен барамын.
- Нешінші автобуспен барасың?
- 4, 26,48 , автобустар жүреді.
- Қай аялдамадан отырасың?
- Аялдама Уәлиханов көшесінде.
- Ал, мен жаяу барамын. Кездескенше.
- Кездескенше.

#### Диалог 25

- Сен қайда барасың?
- Мен дүкенге барамын.
- Қай дүкенге барасың?
- Азық-түлік дүкеніне барамын.

-Дүкен үлкен бе?

-Иә, үлкен. Онда азық-түлік бөлек-бөлек орналасқан.

-Сен не сатып аласың?

-Мен нан, сүт, және жемістер сатып аламын.

-Бірге барайықшы.

-Қаласаң, барайық.

## Диалог 11

Сафия: Әли, бүгін Бірінші қыркүйек, сен мектепке барасың. Ал Мұса қайда барады?

Әли: Мұса, бүгін Бірінші қыркүйек. Сен қайда барасың?

Мұса: Иә, бүгін Бірінші қыркүйек, мен мектепке барамын.

Сафия: Мұса, сен бүгін мектепке кіммен барасың?

Мұса: Мен мектепке анаммен барамын. Ал сен ше Әли?

Әли: Менің анам жұмыста. Мен әжеммен барамын.

## Диалог 17

-Имран, мен бассейнге барғым келеді. Бірге барайық.

-Бассейнге дейсің бе? Сен жүзу білесің бе?

-Иә, жүзу білемін. Ал, сен жүзу білмейсің бе?

-Жоқ, мен жүзу білмеймін, бірақ үйренгім келеді.

-Қаласаң, мен сені жүзуге үйретейін.

-Қуана-қуана келісемін.

-Олай болса келістік.